**Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі**

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Қаралды**
**Педагогикалық кеңестің қаулысымен**
**2025 жылғы 27 тамыз**
**№ 1 хаттама**
**Төрайымы_______________Р.А.Исина**

**МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ РӘСІМІ ШЕҢБЕРІНДЕ «АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚОРҒАЛЖЫН АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ АМАНГЕЛДІ АУЫЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

## МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| **I** | **Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы** |
| **II** | **Кадрлық әлеуетті талдау** |
| 1 | Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға критерийлер<br>- біліктілік талаптарын сақтау;<br>- педагогтер туралы мәлімет;<br>- аттестаттаудан өткені туралы мәлімет;<br>- біліктілік санатының деңгейін арттыру және растау туралы мәлімет;<br>- олимпиада, конкурс жеңімпаздары, басылымдар туралы мәлімет. |
| **III** | **Білім алушылар контингенті** |
| 1 | Білім алушылар контингенті туралы мәліметтер. |
| 2 | Оқушылардың жетістіктері туралы мәліметтер. |
| **IV** | **Оқу-тәрбие әдістемелік жұмыс** |
| 1 | Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұнына өлшемдер. |
| 2 | Бастауыш және негізгі орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне критерийлер. |
| 3 | Тәрбие жұмысы туралы мәліметтер |
| 4 | Инклюзивті білім беру |
| **V** | **Оқу-материалдық активтер** |
| 1 | Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұнына өлшемдер. |
| **VI** | Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры |
| **VII** | Білім алушылардың білімін бағалау |
| **VIII** | Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы |
| **IX** | Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары |
| **X** | Қорытындылар мен ұсыныстар |

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау жөніндегі қорытынды ЕСЕБІ**

***10 қыркүйек 2025 жыл***

«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аттестаттау рәсімі шеңберінде «Мектептің мемлекеттік аттестатциядан өтуіне байланысты өзін-өзі бағалауы бойынша комиссия құру туралы» 2025 жылдың 03 қыркүйек күні мектепішілік №2 бұйрық шығарылды. Мектептің өзін-өзі бағалауы бойынша төмендегі құрамда комиссия бекітілді:

| р/с | Комиссия құрамы | Аты-жөні | Лауазымы |
|---|---|---|---|
| 1 | Төрайымы | Исина Роза Абжановна | Мектеп директоры |
| 2 | Комиссия мүшелері | Касенов Ернур Жанатович | Оқу-тәрбие орынбасары |
| 3 | | Жиенбаева Айнұр Оразбековна | Педагог-психолог |
| 4 | | Серикова Назира Каирбаевна | Тарих пәні мұғалімі |
| 5 | | Шарипова Санира Сағатбаевна | Әлеуметтік педагог |
| 6 | | Кенжекеева Мақпал Олжекеновна | Информатика пәні мұғалімі |
| 7 | | Шарипова Салтанат Байболовна | Бастауыш сынып мұғалімі |
| 8 | | Кенжекеева Асель Нурхамитовна | Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі |
| 9 | | Касенов Бактыбай Абсагатович | Шаруашылық меңгерушісі |
| 10 | | Оспанова Алма Кабдуовна | Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі |
| 11 | | Жаксылыкова Жумагуль Шаяхметовна | Тәрбиеші |

**Өзін-өзі бағалаудың мақсаты**

1. Өзін-өзі бағалаудың барлық қатысушыларының іс-әрекетін жұмылдыру;
2. Оқу-тәрбие жөнінде нақты ақпаратты алу;
3. Мектептің педагогикалық процесс сапасы мен нәтижесі жөніндегі тиімді жұмысты анықтау;
4. Оқушылардың өзін-өзі дамуының мүмкіндіктерін,әлеуметтік кемелденуінің деңгейін бақылау;
5. Мектеп оқушыларының жағдайы туралы нақты ақпарат алу.

**Өзін-өзі бағалаудың міндеттері**

1. Өзін-өзі бағалау мен оқу нысандарындағы өлшенетін сапаларының дәрежесін анықтау;
2. Мектептің педагогикалық жүйеде инновациялық сапалардың бар болуы мен болмауын тану;
3. Мектептің педагогикалық процестерді бағалау сипаттамасының тұтастығының жүйесін құру;
4. Жалпы мектептің білім жүйесін, тәрбие дәрежесін, бағалау (өзіндік бағалау) нысандарында жағымды тенденцияны тану;
5. Оқу-тәрбиені бағалау (өзіндік бағалау) кезінде пайда болған проблемалардың шешу жолдары мен туындаған себептерін анықтау.

**Мекеме өз қызметінде басшылыққа алады:**

- Қазақстан Республикасының Конституциясын (1995 жылғы 30 тамыз, ҚР 2007жылғы 21 мамырдағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар);
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-ІІІ Заңын;
- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңын;
- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары туралы» №345-ІІ Заңын (09.04.2016 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» № 151- І Заңын;
- Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» № 267- І Заңын;
- Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» № 293-VI Заңы;
- ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексін, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар Мекеме Жарғысын басшылыққа алады. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (бұдан әрі – заң) 5- бабының 21-2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» № 486 (бұдан әрі – бағалау критерийлері) бұйрығына сәйкес және бағалау критерийлерінің тізбесі негізінде «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттау рәсімі шеңберінде 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025, 2025 -2026 оқу жылдарының есепті кезеңдегі қызметіне өзін-өзі талдауын жүргізді.

# I. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ:

Мектеп атауы: **«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**
2021 жылдың 19 қаңтар күні Ақмола облысы әділет департаменті Целиноград ауданаралық әділет басқармасында заңды тұлға ретінде қайта мемлекеттік тіркеуден өтті, **БИН 020840000933**.

Мекен-жайы: **Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Амангелді ауылы, Абай көшесі 19**

Мектептің байланыс деректері: **87163735719,** amangeldi.school@mail.ru

Мектеп басшысы: **Исина Роза Абжановна 87023672068**

Мектеп жарғысы: **Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № А-1/1 қаулысымен бекітілген**

Білім беру қызметінің лицензиясы: **№KZ08LAA00021203, 11.02.2021ж.**



**Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша**

**Лицензияның нөмірі** KZ96LAA00023111

**Лицензияның берілген күні** 2021 жылғы 11 ақпан

**Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері)**

(«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)

- Бастауыш білім беру
- Жалпы орта білім беру
- Негізгі орта білім беру

| № | Шифр | Кадрларды даярлау бағыттарының атауы | Оқу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | | Жалпы орта білім беру | |

**Беру үшін негіз** Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 11 ақпандағы №19-13-1-6/23 бұйрығы.

(лицензиардың лицензияны беру туралы бұйрығының нөмірі және күні)

**Лицензиат** «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

021306, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Абай көшесі, № 19 үй, БСН/ЖСН: 020840000933

**Лицензиар** "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесі

(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)

**Басшы (уәкілетті тұлға)** Алтаев Серик Табылдинович

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

**Қосымшаның нөмірі** 001

**Берілген орны**

**Қосымшаның берілген күні** 2021 жылғы 10 ақпан

Scanned with CamScanner

## ***2025-2026 оқу жылына арналған мектеп тақырыбы:***

**«Инновация мен дәстүр сабақтастығы – білім берудегі жаңа қадам»**

**Мақсаты:** мектеп миссиясын іске асыру және бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру үшін оңтайлы дамушы білім беру ортасын құру.

**Міндеттері:**

1. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету;
2. Оқушыларға, мұғалімдерге және оқу процесіне озық тәжірибелерге негізделген жаңартылған жүйесін енгізу;
3. Оқушының интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, құндылықтықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу;
4. Мұғалімдердің оқыту және тәрбиелеу сапасын жақсартуға деген ынтасын арттыру үшін еңбек жағдайларын жақсарту;
5. Біртұтас тәрбие бағдарламасын тәрбие жоспарының жұмысына сәйкестендіру;
6. Мектептің дамуын басқаруда бөлінген көшбасшылықты жүзеге асыру.
7. Өмір бойы білім алуға қажетті кәсіби дағдылары бар тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау
8. Мектептің білім беру кеңістігінің даму мониторингін жасау.

**2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік тақырып:**

**«Оқушы – ізденімпаз, мұғалім – жаңашыл, мектеп - табысты»**

***Мақсаты:*** қазіргі заманғы сабақты өткізу әдістері мен оның жалпы дидактикалық талдауы саласындағы *мұғалімдердің теориялық және практикалық білімдерін арттыру.*

***Міндеттері:***

- Қазіргі заман талабына сай теорияны зерделеу арқылы мектептің оқыту жүйесін модернизациялауды жалғастыру;
- Оқу –тәрбие процесінде қазіргі заманғы білім беру технологияларын неғұрлым белсенді және тиімді пайдалану, атап айтқанда - іздестіру және зерттеу жұмыстары, жобалық жұмыстар;
- Мектептегі материалдық-техникалық базаны ескере отырып, сабақ өткізу кезінде ақпараттық технологияны қолдану аясын кеңейту: мұғалімнің жұмыс орны, интерактивті тақта;
- Дарынды балаларды іздеу және қолдау жүйесін құру және оқу кезінде оларды қолдау;

- Үлгерімі нашар оқитын оқушылармен жұмысты жақсарту.

***II. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ***

**1) тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:**

***2023,2024,2025 жылдардағы педагогтердің салыстырмалы сапалық құрамы:***

| жыл | Педагог саны | Жоғары білімді | Пайызы % | Арнаулы орта білім | Пайызы % |
|---|---|---|---|---|---|
| **2023** | **24** | **22** | **92%** | **2** | **8%** |
| **2024** | **22** | **22** | **100%** | **0** | **0%** |
| **2025** | **23** | **22** | **96%** | **1** | **4%** |




**Қорытынды:** *үш жылда мұғалімдердің жоғары білім дәрежесі 4 пайызға артқан, жоғары білімді мұғалімдердің саны артып келеді. Демек, бұл құрам алдағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға, ортақ мақсатқа жетуге қолайлы жағдай жасайды. Мектептің сапалық құрамы қазіргі білім беру талаптарына сай, кәсіби әлеуеті жоғары, білім сапасын көтеруге бағытталған міндеттерді орындауға дайын.*

**2) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:**

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізуде «Педагог қызметкерлерді аттесттаттау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығын басшылыққа ала отырып жүргізілді. Жаңа үлгідегі квалификациялық біліктілік санаты 2023 жылы- 32 пайызды; 2024 жылы- 29 пайызды; 2025 жылы - 30 пайызды құрайды, осы көрсеткіштен педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші біліктілік санатын алу үрдісі жылдан - жылға 5-10 пайызға артып келе жатқанын байқауға болады.

| **Жылдар** | **Барлық мұғалім саны** | **Педагог** | **Педагог-модератор+ екінші санат** | **Педагог-сарапшы+ Iсанат** | **Педагог-зерттеуші+ жоғары санат** |
|---|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 24 | 8 | 9 | 3 | 3+1 |
| 2024-2025 | 22 | 3 | 11 | 4 | 3+1 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2025-2026 | 23 | 6 | 10 | 4 | 2+1 |

Педагог-сарапшы /І санат/, педагог-зерттеуші /жоғары санат/ біліктілік санаттарының үш жылдық үлесі:




- 2023 жылы- 32%
- 2024 жылы-29%
- 2025 жылы-30%

**Қорытынды:** *Кейінгі екі жылда аталған біліктілік санаттағы мұғалімдердің үлесі 10 %-ға артқанын көрсетеді, алдағы оқу жылында одан да жоғары үлесті көрсету жоспарлануда. Жалпы ұжым ішінде педагог – модераторлардың үлесі басым, бұл мектептің негізгі кадрлық қорын құрайды. Алдағы 3 жылда зерттеушілер мен сарапшылардың санын көбейтуге жұмыс жоспарын құру алға қойылды.*

**Мұғалімдердің білімін жетілдіруінің көрсеткіштері:**

Педагогтердің өз білімін жетілдіру курсынан өтуі 2020 жылдан 5 жылға, 2022 жылдан 3 жылға өз білімін жетілдіру курстарына қатысу үлестері 78 пайызды құрайды.

| Оқу жылы | Педагог саны | Өз білімін жетілдіру курсынан өткені | Пайыздық көрсеткіші |
|---|---|---|---|
| **2025-2026** | 23 | 19 | 83% |

| № | Мұғалімдердің аты-жөні | Курс атауы | Өткен жылы | Сертификат номері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Исина Роза Абжановна | «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталығы «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: физика мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі» | 27.03.2025 | №111898 |
| 2 | Касенов Ернур Жанатович | «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы | 22.09.2023 | №0637838 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану»<br>«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы<br>«Lesson study» технологиясының негіздері | 20.09.2023 | №135243 |
| 3 | Серикова Назира Каирбаевна | «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталығы «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі»<br><br>Біліктілік арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы КМЦПК «Біртұтас мектеп: оқу мен тәрбиені басқарудағы тиімді менеджмент» | 11.04.2025ж<br><br>02.05.2025ж | №160529<br><br>№190646 |
| 4 | Оспанова Алма Кабдуовна | «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы «Қазақ тілі»және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту | 26.05.2023 | №05385889 |
| 5 | Абдыкалыков Нұрлан Нұрмұханович | «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы «Қазақ тілі»және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту | 06.08.2022 | №0535164 |
| 6 | Нурманамбетова Асель Кайырбековна | ТОО «Академия Педагогов и Психологов» «Современные подходы к преподаванию русского языка и литературы» | 29.08.2025 | № 0312 |
| 7 | Кенжекеева Мақпал Олжекеновна | «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталығы «Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: информатика оқытудың тиімді тәжірибесі» | 07.02.2025 | №108892 |
| 8 | Жиенбаева Айнұр Оразбековна | ТОО «Академия Педагогов и Психологов» Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және мектептегі зорлық-зомбылықтың,жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу<br><br>Білім беру үрдісіндегі инклюзия мен тең мүмкіндіктер | 04.05.2024<br><br>29.08.2025 | № 695<br><br>№0063 |
| 9 | Шарипова Санира Сағатбаевна | Біліктілік арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы КМЦПК Әлеуметтік педагогтің жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі практикалық қызметі<br>«Білім беру үрдісіндегі инклюзия мен тең мүмкіндіктер» 2025 жыл | 27.12.2024<br><br>25.07.2025 | №3111191<br><br>№ 0071 |
| 10 | Жунусов Агыбай Орынбекович | «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталығы «мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» | 27.03.2025 | №111904 |
| 11 | Кенжекеева Асель Нурхамитовна | «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы «Қазақ тілі»және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту | 28.04.2023 | №0538298 |
| 12 | Жакупов Кенжеболат Хамидуллинович | «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББУ «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басыидықтаржәне жетілдіру стратегиялары» | 11.04.2025 | №160523 |
| 13 | Жунусова Бейбытгуль Дулатовна | «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы<br>«Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» | 22.09.2023 | №0637838 |
| 14 | Аханов Арсен Маратович | «Ұлттық – ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы»РМҚК «Дене | 09.06.2023 | №00010726 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | шынықтыру педагогтарының кәсібі құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» | | |
| 15 | Қабыкен Бекнияз Жанболатұлы | «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы «Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» | 28.04.2023 | №0538251 |
| 16 | Абдрахманова Тумар Акылбаевна | «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы «Әдебиеттік оқу сабақтарында тоқу сауаттылығын қалыптастыру» | 05.09.2025 | №0867422 |
| 17 | Шарипова Салтанат Байбуловна | «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы «Әдебиеттік оқу сабақтарында тоқу сауаттылығын қалыптастыру» | 05.09.2025 | №0867444 |
| 18 | Бидалова Ардақ Макышевна | «Қазіргі білім беру жағдайында көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» | 26.09.25 | №0015 |
| 19 | Алтайбаева Әйгерім Сапарғалиқызы | ТОО «Академия Педагогов и Психологов» «Арнайы білім беру саласындағы педагог» | 06.08.2025 | |

## Педагогтардың кәсіби шығармашылық дамуының жетістіктері

| Жыл | Мұғалімнің аты жөні | Байқау атауы | Жетістігі |
|---|---|---|---|
| 2023 | Шарипова Салтанат Байбуловна | Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми ақпараттық танымдық-тәрбиелік журналы «Педагогика-менің таңдауым» байқау | Диплом 1-орын |
| | Абдрахманова Тумар Акылбаевна | Ақмола облысы білім басқармасы<br>Ақмола облысының кәсіптік одақ ұйымы | Құрмет грамотасы<br>Құрмет грамотасы |
| | Жунусова Рыскул Орынбековна | «Binom shool» «Ахмет және ұлттық болмыс» атты республикалық фестиваль | Сертификат |
| | Нұрмағамбетова Асель Кайырбековна | «Danaliq ustaz» Республикалық ғылыми әдістемелік журнал «Үздік педагог-2023» байқауға ұсынылған жұмысы үздік деп танылғаны үшін<br>«Ustaz enbegi» Республикалық ғылыми әдістемелік журнал | Диплом 1 орын<br>сертификат |
| | Касенов Ернур Жанатович | Қазақстан оқу-ағарту ғылым және жоғарғы білім қызметкерінің салалық кәсіподағы | Құрмет грамотасы |
| | Шарипова Салтанат Байбуловна | «Daryn online» III Республикалық бастауыш сынып мұғалімдер олимпиадасы | Сертификат |
| | | «Көкжиек» Республикалық білімділер сайтынан «Педстарт-2023» «Үздік мақала» | Диплом 3 орын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Международная академия развития образования и педагогичкских наук «VI Халықаралыө олипиада» | Диплом 1 орын |
| | Абдрахманова Тумар Акылбаевна | «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған математикалық олимпиадасы (аудандық кезең) | Диплом 2 дәрежелі |
| | Жунусова Рыскуль Орынбековна | Ақмола облысының білім басқармасы | Құрмет граммотасы |
| | Абдыкалыков Нурлан Нурмуханович | Мемлекеттік  тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай өткізілген "Мәңгілік елдің - мәңгілік!" атты аудандық көркемсөз тілдерді оқыту орталығының.<br>. Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымының | 1 орын Диплом<br>Құрмет грамотасы |
| | Қабыкен Бекнияз Жанболатұлы | Ұлы Жеңістің 80 жылдығы,Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы, Мәлік Ғабдуллиннің 110 жылдық мерей тойларына арналған " Амола жұлдыздары | Диплом |
| 2024 | Абдыкалыков Нурлан Нурмуханович | Білім қызметкерлерінің кәсіподақ филиалы Аудандық "Мұғалім - 2024" спартакиадасында қалашық ойыны<br>Қорғалжын ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі Мұғалімдер арасындағы "QAZAQ VOICE" атты аудандық байқауының | Диплом 1 орын<br>Сертификаты |
| | Касенов Ернур Жанатович | Қазақстан республикасы, ақмола облысы,Қорғалжын аудан әкімінің | Құрмет грамотасы |
| | Серикова Назира Каирбаевна | «Өркен» балалардың әл ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты КеАҚ  «Қауіпсіз интернет» республикалық бейнероликтер байқауы.<br>«Өрлеу» Қазақстан қоғамдық қоры ұйымдастырған «Мамандығым - мақтанышым» республикалық эссе сайысы | Алғыс хат (Оқушылары 2 орын)<br>Диплом 1 орын |
| | Нұрмағамбетова Асель Кайырбековна | Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын аданы бойынша Білім бөлімінің. | Алғыс хат |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Шарипова Салтанат Байбуловна | «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының қалалық кезеңіне жеңімпазы | Диплом 1 орын |
| | Абдрахманова Тумар Акылбаевна | «Педстарт» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған қазақ тілі пәні олимпиадасы | Диплом II дәрежелі |
| | Жиенбаева Айнұр Оразбековна | Облыстық кәсіподақ ұйымынан | Құрмет грамотасы 2024 |
| | | «Үздік психолог кабинеті» аудандық кезеңі | Диплом 1 орын |
| | Шарипова Санира Сағатбаевна | Аудандық білім бөлімінің алғыс хаты | |
| | Длсымова Айтолқын Толеубаевна | Диплом "Жаңа мектепке жаңашыл ұстаз" атты жас педагогтердің VII Республикалық байқауы кезінде | Диплом 2 орын |
| | Жунусова Бейбытгуль Дулатовна | Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымынан | Құрмет грамотасы |
| | Оспанова Алма Кабдуловна | Ғылым және білім министрлігінен | Төс белгі |
| | Кенжекеева Асель Нурхамитовна | Қорғалжын аудан әкімінен | Алғыс хат |
| | Жунусова Рыскул Орынбековна | «Халықаралық ғылыми тәжірибе» орталығы<br>«Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының қалалық кезеңіне жеңімпазы | Алғыс хат<br>Диплом 2 орын |
| 2025 | Серикова Назира Каирбаевна | Ақмола облысының білім басқармасы. «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық байқауға жеңімпаз дайындаған үшін алғыс хат.<br>Білім қызметкерлерінің кәсіподақ филиалы Аудандық "Мұғалім - 2025" спартакиадасында теннис ойыны | Алғыс хат (Оқушылары 2 орын)<br>Диплом 1орын |
| | Нұрмағамбетова Асель Кайырбековна | Қорғалжын ауданының әкімі<br>Дарынды балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту және қосымша білім беру академиясының | Алғыс хат<br>Алғыс хаты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жиенбаева Айнұр Оразбековна | Облыстық білім басқармасы алғыс хаты | Алғыс хаты |
| | Шарипова Санира Сағатбаевна | Қорғалжын аудан әкімінен | Алғыс хат |
| | Жунусова Бейбытгуль Дулатовна | Дарынды балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту және қосымша білім беру академиясының | Алғыс хаты |
| | Жунусова Бейбытгуль Дулатовна | Ауданыдық семинарда шебер - сынып өткізгені үшін | Сертификат |
| | Бидалова Ардақ Макышовна | ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігі «Сұңқар» білім орталығынан | Алғыс хат |
| | Досымова Айтолқын Төлеубаевна | Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Қорғалжын мемлекеттік қорығынан Алғыс хат "Парктер шеруі" табиғатты қорғау акциясы | Диплом 1 орын |

**Педагогтердің шығармашылық іс-тәжірибе алмасу мақсатында Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналдарға жарияланған мақалалар тізбегі**

| р/с | Мұғалімнің аты-жөні лауазымы | Журнал атауы | Тақырыбы | Жарияланған жылы, журнал нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Шарипова Салтанат Байболовна | «Ustaz -mektep tiregi» журнал | «Педаготардынтиімді тәжірибеде үздіксіз кәсіби дамуы» | 2025 жыл №169 (179) |
| 2 | Жиенбаева Айнур Оразбековна | Кеменгер Ұстаз | «Оқу-тәрбие процесінің психологиялық аспектісі және мектептегі психологиялық қызмет» | №01(70) |
| 3 | Жакупов Кенжеболат Хамидоллаұлы | Тағылым | «Дене шынықтыру пәнінен қолданылатын функционалдық ойындар түрі» | №02(133) |
| 4 | Абдрахманова Тумар Акылбаевна | Мектеп-45 минут | «Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделуі» | №22(192-193) |
| 5 | Абдрахманова Тумар Акылбаевна | «Ustaz -mektep tiregi» журнал | «Бастауыш сыныптарда жаңа технологияларды тиімді әдіс-тәсілдерін сабақ барысында қолдану» | №95 (110) |
| 6 | Касенов Ернур Жанатович | «Education ALEMI» | Әдістемелік әзірлеме | №EA-000037-23 |
| 7 | Кенжекеева Макпал Олжекеновна | Білім айнасы | Бағдарламау тілдерінің маңызы және даму тарихы | №3(71-911) |
| 8 | Шарипова Салтанат Байболовна | Оқытудағы инновациялық әдістер мен | Бастауыш сыныпта ұлттық құндылықтардысабақта қызықты қолдану | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | тәсілдер II ркспубликалық практикалық конференцияның материалдар жинағы | | |
| 9 | Шарипова Салтанат Бабуловна | Мектеп-45 минут | Бастауыш сыныпта ұлттық құндылықтарды дамыту жолдары | №167 (146-147) |
| 10 | Шарипова Салтанат Бабуловна | Озат білім | Заттар мен олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары | №18-19 |
| 11 | Жиенбаева Айнур Оразбековна | Мектептегі психология | Бала дамуында арт-терапияның психологиялық маңызы | №8 (194) |
| 12 | Бидалова Ардак Макышовна | Мектеп-45 минут | «Бұйымды безендіру» | 2025 жыл № 23 (198-199) |
| 13 | Серикова Назира Каирбаевна | Тағлымы мол «Біртұтас тәрбие» | Әлеуметтік желі- тәрбие жұмысының заманауи алаңы | №1 том |
| 14 | Серикова Назира Каирбаевна | Тағлымы мол «Біртұтас тәрбие» | Цифрлық әлемде қуіпсіз қадам жаса | №1 том |
| 15 | Шарипова Салтанат Байболовна | Тағлымы мол «Біртұтас тәрбие» | Ұлттық ойын-жас ұрпақтың жан-жақты дамуының кілті | №1 том |
| 16 | Шарипова Салтанат Байболовна | Тағлымы мол «Біртұтас тәрбие» | Ұлттық құндылықтарды жаңғырту | №1 том |
| 17 | Жунусова Рыскул Орынбековна | Мектеп-45 минут | Бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты арттыру | №361 |
| 18 | Шарипова Санира Сағатбаевна | Педагог | Әлеуметтік педагогтың жастар субмәдениетімен жұмыс жасау тәсілдері | №1 |
| 19 | Шарипова Санира Сағатбаевна | Тағылым | Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі әлеуметтік педагогтың жұмысын цифрландыру мүмкіндіктері | №1 (132) |

## III. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

### 1) Жалпы білім беретін сыныптардағы білім алушылар саны және оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылы

| № | Контингенттің құрылымы | 1-4 сынып | | 5-9 сынып | | 10-11 сынып | | Мектеп бойынша контингент | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалпы сынып | оқушы саны | жалпы сынып | оқушы саны | жалпы сынып | оқушы саны | жалпы сынып | оқушы саны |

| | | саны | | саны | | саны | | саны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жалпы білім беретін сыныптар | 4 | 35 | 5 | 56 | 2 | 4 | 11 | 97 |
| 2 | ЕБҚ оқушылар | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 2 |

2024-2025 оқу жылы

| № | Контингенттің құрылымы | 1-4 сынып | | 5-9 сынып | | 10-11 сынып | | Мектеп бойынша контингент | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалпы сынып саны | оқушы саны | жалпы сынып саны | оқушы саны | жалпы сынып саны | оқушы саны | жалпы сынып саны | оқушы саны |
| 1 | Жалпы білім беретін сыныптар | 4 | 32 | 5 | 55 | 1 | 2 | 10 | 89 |
| 2 | ЕБҚ оқушылар | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 2 |

2025-2026 оқу жылы

| № | Контингенттің құрылымы | 1-4 сынып | | 5-9 сынып | | 10-11 сынып | | Мектеп бойынша контингент | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалпы сынып саны | оқушы саны | жалпы сынып саны | оқушы саны | жалпы сынып саны | оқушы саны | жалпы сынып саны | оқушы саны |
| 1 | Жалпы білім беретін сыныптар | 4 | 33 | 5 | 50 | 1 | 6 | 10 | 89 |
| 1 | ЕБҚ оқушылар | 1 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 2 |

**2025-2026 оқу жылында** даярлық тобында тәрбиеленушілер саны-9, мектепте оқушы саны-89. Сынып-комплект саны: 10. Кейінгі үш жылда оқушы саны тұрақты, алайда азаю үдерісі байқалып отыр, бұл жағдайға демографиялық ахуалдың төмендеуімен, 9-сынып оқушылары негізгі орта білім курсы бойынша аттестат алған соң колледжге грантқа оқуға түсуімен байланысты. Оқушы санының азаюы білім сапасына, жалпы мектептің дамуына кері әсер етеді. Мектебіміздің барлық оқушылары тегін тамақпен қамтылған. Оның 70 оқушысы СУСН бойынша, 19 оқушысы демеушілер арқылы тамақтануда.

**Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы оқушылардың оқудағы және шығармашылықтағы жетістіктері**

| № | Байқау атауы | Оқушының аты- жөні | Орын | Жетекші |
|---|---|---|---|---|
| **2023-2024 оқу жылы** | | | | |
| 1 | Мақатаев оқулары аудандық кезең | Олжекен Торғын | Сертификат | Оспанова А.К |
| 2 | Мақатаев оқулары аудандық кезең | Сембі Зарина | Диплом 2-орын | Оспанова А.К |
| 3 | Мақатаев оқулары аудандық кезең | Қайролла Жаннұр | Диплом 3-орын | Оспанова А.К |
| 4 | Аудандық пәндер олимпидасы Тарих пәні | Сансызбай Алина | Сертификат | Серикова Н.К |
| 5 | Аудандық пәндік олимпиада Қазақ тілі пәні | Хамзе Інжу | Грамота 3-орын | Кенжекеева А.Н. |
| 6 | « Кенгуру» математикалық-ойын конкурсы | Амантай Айару | Диплом 3-орын | Ахметбекова А.С. |
| 7 | « Кенгуру» математикалық-ойын конкурсы | Казыкен Айару | Диплом 3-орын | Ахметбекова А.С. |
| 8 | « Кенгуру» математикалық-ойын конкурсы | Нұрғиса Сұлтанали | Диплом 1-орын | Ахметбекова А.С. |
| 9 | « Кенгуру» математикалық-ойын конкурсы | Омар Сезім | Диплом 2-орын | Ахметбекова А.С. |
| 10 | Аудандық 8-9 сынып оқушылары арасындағы «Жыл оқушысы-2022» сайысы | Дулатова Алуа | Диплом 1-орын Облыстық кезең Сертификат | Жиенбаева А.О. |
| 11 | IQanat республикалық пәндер олимпиадасы | Баяхмет Айым | Облыстық кезең I орын | Касенов Е.Ж. |
| 12 | IQanat республикалық пәндер олимпиадасы | Баяхмет Айым | Республикалық кезең Сертификат | Касенов Е.Ж. |
| 13 | Абай оқулары аудандық кезеңі | Төлеубек Арайлым | Диплом 2-орын | Оспанова А.К |
| 14 | Абай оқулары аудандық кезеңі | Сенбі Зарина | Диплом 2-орын | Оспанова А.К |
| 15 | Аудандық пәндер олимпиадасы География пәні | Кәрім Ержас | Диплом 2-орын | Серикова Н.К. |
| 16 | Аудандық пәндер олимпиадасы Химия пәні | Кабыкен Мадина | Диплом 3-орын | Кенжекеева М.\|О. |
| 17 | Аудандық пәндер олимпиадасы Ағылшын тілі | Дулатова Алуа | Диплом 2-орын | Жунусова Б.Д. |
| 18 | Ауыл мектептерінің 9-11сынып оқушыларына | Баяхмет Еркежан | Диплом 3-орын | Нурмагамбетова А.К. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші кезеңінің "Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі" | | | |
| 19 | Аудандық пәндік олимпиада<br>Қазақ тілі пәні | Сағат Имангүл | Грамота 3-орын | Кенжекеева А.Н. |
| 20 | Республиканский центр дистанционных олимпиад | Баяхмет Еркежан | Диплом 3-орын | Нурмагамбетова А.К |
| 21 | Аудандық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасында орыс тілі мен әдебиеті | Омар Сезім | Диплом 3-орын | Нурмагамбетова А.К. |
| 22 | Аудандық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасында орыс тілі мен әдебиеті | Избастықызы Айым | Диплом 3-орын | Нурмагамбетова А.К. |
| 23 | Пушкин әлемі "Республикалық оқушылар" арасындағы өнер мен білім байқауы | Ахметулла Әмина | Диплом I дәрежелі | Нурмагамбетова А.К. |
| 24 | Пушкин әлемі "Республикалық оқушылар" арасындағы өнер мен білім байқауы | Баяхмет Еркежан | Сертификат | Нурмагамбетова А.К. |
| 25 | Пушкин әлемі "Республикалық оқушылар" арасындағы өнер мен білім байқауы | Жанат Әлтаир | Сертификат | Нурмагамбетова А.К. |
| 26 | «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы | Сағат Дінахмет | Диплом I дәрежелі 2023ж. ақпан | Абдрахманова Т.А |
| 27 | «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы | Жанат Әлнұр | Диплом I дәрежелі 2023ж. ақпан | Абдрахманова Т.А |
| 28 | «Кенгуру» математикалық ойын-конкурсы | Аманжол Інжу | Диплом II дәрежелі 2023ж. қыркүйек | Абдрахманова Т.А |
| 29 | «Кенгуру» математикалық ойын-конкурсы | Мұқан Айзере | Қатысушы сертификаты 2023ж. қыркүйек | Абдрахманова Т.А |
| 30 | «Алтын сақа» математикалық олимпиада (аудандық кезең) | Ахан Айзере | Диплом III дәрежелі 2023ж. қараша | Абдрахманова Т.А |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 31 | «Алтын сақа» математикалық олимпиада (аудандық кезең) | Нұрмұхан Нұрислам | Диплом III дәрежелі 2023ж. қараша | Абдрахманова Т.А |
| 32 | «Алтын сақа» математикалық олимпиада (облыстық кезең) | Аманжол Інжу | Диплом III дәрежелі 2023ж. мамыр | Абдрахманова Т.А |
| 33 | «Алтын сақа» математикалық олимпиада (облыстық кезең) | Нұрмұхан Нұрислам | Грамота 2023ж. мамыр | Абдрахманова Т.А |
| 34 | «Алтын қазына» қолөнер шеберлерінің байқауы | Избастықызы Айым Ахметулла Амина | І дәрежелі диплом | Серикова Н.К. |
| 35 | IQanat республикалық пәндер олимпиадасы | Ахметулла Амина Жунусова Айкерім Мұхамедрахим Назира | Облыстық кезең Сертификат | Касенов Е.Ж. |
| **2024-2025 оқу жылы** | | | | |
| 1 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Нұрғисақызы Даяна | І дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |
| 2 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Баяхмет Ерсайын | І дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |
| 3 | "Ұстаз еңбегі " Бояулар құпиясы | Алдажар Нұриман | Диплом ІІІ-орын | Шарипова С.Б |
| 4 | "Кенгуру" қашықтық республикалық олимпиадасы | Баяхмет Ерсайын | І дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |
| 5 | Аудандық пәндер олимпиадасы Ағылшын тілі | Дулатова Алуа | ІІІ дәрежелі диплом | Жунусова Б.Д. |
| 6 | Аудандық пәндер олимпиадасы Орыс тілі мен әдебиеті | Избастықызы Айым | ІІІ дәрежелі диплом | Нурмагамбетова А.К. |
| 7 | Аудандық пәндер олимпиадасы Орыс тілі мен әдебиеті | Дулат Карима | ІІІ дәрежелі диплом | Нурмагамбетова А.К. |
| 8 | Аудандық пәндер олимпиадасы Орыс тілі мен әдебиеті | Жаңабай Мади | ІІ дәрежелі диплом | Нурмагамбетова А.К. |
| 9 | Аудандық пәндер олимпиадасы Биология пәні | Ахметулла Жігер | І дәрежелі диплом | Касенов Е.Ж. |
| 10 | Аудандық пәндер олимпиадасы алгебра пәні | Орынбек Сырым | ІІ дәрежелі диплом | Ахметбекова А.С. |
| 11 | Аудандық пәндер олимпиадасы Орыс тілі мен әдебиеті | Еркінқызы Айзере | ІІІ дәрежелі диплом | Нурмагамбетова А.К. |
| 12 | "Кенгуру" қашықтық республикалық олимпиадасы | Нұрғисақызы Даяна | І дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 | "Кенгуру" қашықтық республикалық олимпиадасы | Аманжол Асылтас | II дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |
| 14 | «Алтын сақа» математикалық олимпиада (аудандық кезең) | Өмірсерік Нұрхат | III дәрежелі диплом | Исина Р.А |
| 15 | «Алтын сақа» математикалық олимпиада (аудандық кезең) | Нұрғиса Сұлтанәли | III дәрежелі диплом | Исина Р.А. |
| 16 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Амантай Айша | II орын диплом | Ахметбекова А.С |
| 17 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Баяхмет Ерсайын | I дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |
| 18 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Баяхмет Ерсайын | III дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |
| 19 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Аманжол Асылтас | II дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |
| 20 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Нұрғисақызы Даяна | II дәрежелі диплом | Шарипова С.Б |
| 21 | “Абай оқулары” аудандық кезең | Кәрім Айару | Диплом 2-орын | Жунусова Р.О. |
| 22 | “Абай оқулары” аудандық кезең | Мұрат Жантөре | Диплом 3-орын | Жунусова Р.О. |
| 23 | “Алтын сақа” математикалық олимпиада (аудандық кезең) | Дулат Кенесары | Диплом 1-орын | Жунусова Р.О. |
| 24 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Орынбек Нұрым | Диплом 1-орын | Жунусова Р.О. |
| 25 | "Ақбота" зияткерлік олимпиада | Оразғали Ұлжан | Диплом 3-орын | Жунусова Р.О. |
| 26 | "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы | Бәкіжан Сұлтан | Диплом 2-орын | Жунусова Р.О. |
| 27 | “Көкжиек” онлайн олипиадасы | Дулат Кенесары | Диплом 1-орын | Жунусова Р.О. |
| 28 | 9-11 сынып оқушылар арасында Қорғалжын аудандық "Шаңғы шақырады" | Кәрім Арайлым | Диплом 1-орын | Жунусов А.О |
| 29 | «Бояулар құпиясы аудандық сайыс | Омар Сезім | Диплом 1-орын | Кенжекеева А.Н. |
| 30 | «Бояулар құпиясы аудандық сайыс | Балабай Айзия | Диплом 3-орын | Кенжекеева А.Н. |
| 31 | «Бояулар құпиясы аудандық сайыс | Қанат Азиза | Диплом 2-орын | Кенжекеева А.Н. |
| 32 | «Бояулар құпиясы аудандық сайыс | Сұлтан Мерей | Диплом 2-орын | Кенжекеева А.Н. |
| 33 | Жастар спартакиадасы бағдарламасына сәйкес | командалық | Диплом 1-орын | Жунусов А.О |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 9-11 сынып шахмат және үстел теннис ойындарында | | | |
| 34 | Жастар спартакиадасы бағдарламасына сәйкес 9-11 сынып Волейбол ойындарында | Командалық | Диплом 3-орын | Жунусов А.О |
| 35 | Жастар спартакиадасы бағдарламасына сәйкес "балалар жылында" бес асық жарысында | Олжекен Торғын | Диплом 3-орын | Жунусов А.О |
| 36 | Аудандық "Шаңғы шақырады" фестивалінде | Алдаш Алмас | Диплом 2-орын | Жунусов А.О |
| 37 | Аудандық "Жастар" спартакиадасында тоғызқұмалақ ойыны | Командалық | Диплом 1-орын | Жунусов А.О |
| 38 | Аудандық "Былғары доп" жарысында | Амангелді ЖОББМ | Диплом 3-орын | Жунусов А.О |
| 39 | Аудандық 5-6 сынып оқушылары арасында футбол | Амангелді ЖОББМ | Диплом 3-орын | Жунусов А.О |
| 40 | «Алтын қазына» атты қолөнер шеберлерінің байқау | Ахметулла Амина | Диплом | Серикова Н.К |
| 41 | «Мағжан оқулары» аудандық кезеңі | Мұхамедрахим Назира | Диплом | Оспанова А.К. |
| 42 | Менің шағын Отанымның болашағы | Кәрім Аятулла | Диплом | Серикова Н.К. |
| 43 | «Тарих ата» 5-9 сынып оқушылары арасындағы қашықтық олимпиадасы | Алжадар Іңкәр | Диплом | Серикова Н.Қ |
| 44 | «Тарих ата» 5-9 сынып оқушылары арасындағы олимпиадасы | Ахметулла Жігер | Диплом | Серикова Н.\|Қ. |
| 45 | «Ауыл дарыны» ауыл мектептеріндегі дарынды балалардың республкалық энциклопедиясына үздік жетістіктері енгзіліп, республика көлемінде таратылғаны үшін | Жанат Әлтаир | Диплом | Нурмагамбетова А.К. |
| 46 | «Ауыл дарыны» ауыл мектептеріндегі дарынды балалардың республкалық энциклопедиясына үздік жетістіктері енгзіліп, республика көлемінде таратылғаны үшін | Ахан Әділ | Диплом | Нурмагамбетова А.К. |
| 47 | IQanat республикалық пәндер олимпиадасы | Қанат Айзере | Облыстық кезең | Касенов Е.Ж. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 48 | 10-17 жас аралығындағы мектеп оқушыларына арналған «Мобилограф» аудандық шығармашылық байқауы | Дулат Карима | Диплом 2-орын | Жунусова Б.Д |
| 49 | 10-17 жас аралығындағы мектеп оқушыларына арналған «Мобилограф» аудандық шығармашылық байқауы | Өмірсерік Балауса | Диплом 3-орын | Нурмагамбетова А.К. |
| 50 | «Қауіпсіз интернет» республикалық бейнероликтер байқау | Омар Санжар, Мұхамедрахим Назира | ІІ дәрежелі диплом | Серикова Н.К. |
| 51 | «Қоқиқаз-2025 » фестивлі | Дулат Карима | Диплом 3-орын | Жунусова Б.Д |
| 52 | «Қазақстан балалары шексіз әлемде» облыстық кезеңінде « Анимация» номинациясы | Әбжан Қазбек | Диплом 2-орын | Серикова Н.К |
| 53 | «Қоқиқаз-2025 » фестивлі | 5 сынып оқушылары | Диплом | Кенжекеева А.Н. |
| 54 | Пәндік олимпиада | 7-8 сыныптар | Сертификат. Облыстық кезең | Касенов Е.Ж. |
| **2025 – 2026 оқу жылы** | | | | |
| 1 | Қанат Айзере | «Ауыл» олимпиадасы | Аудандық | Нурмагамбетова А.К. |
| 2 | Ізбастықызы Айым | «Ауыл» олимпиадасы | Аудандық | Нурмагамбетова А.К. |
| 3 | Ахметулла Амина | «Ауыл» олимпиадасы | Аудандық | Серикова Н.К. |
| 4 | Кәрім Аятулла | «Ауыл» олимпиадасы | Аудандық | Серикова Н.К. |

| Оқу жылы | Аудандық кезең | Облыстық кезең | Республикалық кезең |
|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 28 | 5 | 1 |
| 2024-2025 | 48 | 5 | 1 |
| 2025-2026 | 5 | - | - |

## IV. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Мектеп ***қоғамдық-гуманитарлық бағыт*** негізінде жұмыс атқарады, оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. Білім алушылар үшін аптасына 5 /бес/ күндік сабақ барысы өткізіледі. Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі шағын жинақталған мектеп болып есептелінеді.

**Үш жылдық оқу жұмыс жоспарының сараптамасы.**

2023-2024 оқу жылында **11 сынып-комплект** бар, 11 сынып-комплект-оқыту қазақ тілінде сабақ оқиды.

| | |
|---|---|
| Үлгілік оқу жоспары | ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына ҚР Оқу ағарту минстрлігінің 2022 жылғы 12 тамыз № 365 |

| | |
|---|---|
| Оқыту қазақ тілінде 1-4 сынып | 1-қосымша |
| Оқыту қазақ тілінде 5-9 сынып | 6-қосымша |
| Оқыту қазақ тілінде 10-11 сынып *қоғамдық-гуманитарлық бағыт* | 85-қосымша |

2024-2025 оқу жылында **10 сынып-комплект**, 11 сынып-комплект - қазақ тілінде сабақ оқиды. Мектепалды даярлық сыныбы-1, 1-4 сынып аралығында сынып саны-4, 5-9 сынып аралығындағы сынып саны-5, 10-11 сынып аралығында сынып саны-2. Мектеп ***қоғамдық-гуманитарлық бағыт*** негізінде жұмыс атқарды.

| Үлгілік оқу жоспары | ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына ҚР Оқу ағарту минстрлігінің 2022 жылғы 12 тамыз № 365 |
|---|---|
| Оқыту қазақ тілінде 1-4 сынып | 1-қосымша |
| Оқыту қазақ тілінде 5-9 сынып | 6-қосымша |
| Оқыту қазақ тілінде 10-11 сынып *қоғамдық-гуманитарлық бағыт* | 85-қосымша |

2025-2026 оқу жылында **10 сынып-комплект**, 10 сынып-комплект-қазақ тілінде сабақ оқиды. Мектепалды даярлық сыныбы-1, 1-4 сынып аралығында сынып саны-4, 5-9 сынып аралығындағы сынып саны-5, 10-11 сынып аралығында сынып саны-1. Мектеп ***қоғамдық-гуманитарлық бағыт*** негізінде жұмыс атқарады. 1-сыныпта цифрлық сауаттылық ІІ жартыжылдықтан бастап оқытылды.

| Үлгілік оқу жоспары | ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына ҚР Оқу ағарту минстрлігінің 2022 жылғы 12 тамыз № 365 |
|---|---|
| Оқыту қазақ тілінде 1-4 сынып | 1-қосымша |
| Оқыту қазақ тілінде 5-9 сынып | 6-қосымша |
| Оқыту қазақ тілінде 10-11 сынып *қоғамдық-гуманитарлық бағыт* | 85-қосымша |

Бастауыш білім беру деңгейінде апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 1-сыныпта – 19,5 сағат, 2- сыныпта – 24 сағат, 3-сыныпта- 26 сағат, 4-сыныпта – 26 сағат.

Негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 5-сыныпта – 28,5 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7- сыныпта – 32,5 сағат, 8- сыныпта – 32,5 сағат, 9-сыныпта – 34 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 34 сағаттан аспайды.

2024-2025 оқу жылында әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүзеге асырылды.

Сабақ кестесі мектеп директорымен бекітілген. Сабақ кестесін құрастыруда білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы үшін екінші және төртінші сабақтардан кейін 15 минуттық қоңырау кестесі қарастырылған.

Мектепте 2025 жылдың 5 қыркүйек күні «Қамқоршылық кеңес құру» туралы №58/1 бұйрығы шығарылды. Қамқоршылық кеңес құрамында 9 адам бар, қамқоршылық кеңес жоспары жүзеге асырылып келеді. Жаппай біліммен қамту қорынан әлеуметтік санаттары бойынша қамқоршылық кеңестің хаттамасы негізінде 87 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 сыныптың 17 оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Мектепте 2023-2024 оқу жылында тегін тамақтану 76,4 пайыздық көрсеткішті құрады.

«Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім тұжырымдамасы» білім беру жүйесін жетілдіру стратегиясын анықтайтын нормативтік-ұйымдастырушылық негіз болып табылады.

Мектеп директоры Исина Роза Абжановна Астана қаласында өткен **«Республикалық директорлар форумына»** қатысып келді.

**2025-2026 оқу жылының тәрбие жұмысы**

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйек № 294 Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы бұйрығы 2023-2024 оқу жылынан бастап іске асырыла басталды. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған.

**«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**МІНДЕТТЕРІ:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:**
1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі үш «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтары бойынша негізге асуда.

- Бағдарлама аясында мектепте құндылықтарға негізделген «Судың да сұрауы бар», «Күнделікті пайдалы тағам», «Цифрлық гигиена», «Спорт және мен», «Қолөнер шеберханасы», «Балалар кітапханасы» «Жасыл мектеп» жобалары іске асырылуда.
- Мектепте басым құндылықтарға негізделген іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілуде.
- Мектепішілік «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру және қызметін жүзеге асыру туралы 2023 жылдың 23 қазанында № 93 бұйрық шығарылды. Осы бұйрық негізінде «Даналық» мектебі құрылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдауға арналған іс шаралар жоспары бекітілді, жоспарға сай жауапты педагогтар ата-аналарға баланың тәрбиесіндегі кездесетін қиындықтардың жолын шешу тақырыптарында арнайы сабақтар ұйымдастырады

Мектепте **2024-2025** оқу жылында оқушы саны-**86**
**2024-2025** жылда  көп балалы отбасы бала саны-48 , жартылай жетім отбасы саны - 3, аз қамтылған отбасы саны- 2, мүгедектігі бар -1 оқушы болды.
**Тәрбие жұмысының тақырыбы**: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы арқылы оқушылардың бойына ұлттық мәдени,рухани құндылықтарды сіңіру.

**Мақсаты:** Ұлттық және жалпы адами құндылықтар негізінде зияткерлік, рухани-адамгершілік тұрғысынан және физикалық дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

**Биылғы 2024– 2025 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы** Мемлекет басшысы Қ.Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың "Адал адам- Адал еңбек -Адал табыс" -атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.Әр ай сайын белгілі бір құндылықтар бойынша жұмыстар атқарылды.

**Қыркүйек** -еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Қазан айы**- тәуелсіздік жіне отаншылдық айы;
**Қараша  айы**-әділдік және жауапкершілік айы;
**Желтоқсан**- бірлік және ынтымақ айы;
**Ақпан** -жасампаздық және жаңашылдық айы:
**Наурыз** -тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Мамыр** -бірлік және ынтымақ айы.

**Қыркүйек**  «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында білім күні аталып өтті.
«**Біртұтас тәрбие**» бағдарламасы бойынша түсіндерме жұмыстары жүргізілді.

«Уақытты басқару және өзін - өзі басқару» тақырыбында 1-9 сыныптар арасында ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Отбасы –тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.

«Террозимның алдын-алу» бойынша  мектептің әлеуметтік парақшаларына бейнероликтер орналастырылды.

Оқушылар   «Менің мектебім буллингке қарсы» республикалық флешмобқа қатысты.

«Отбасым-менің тірегім» отбасы күніне арналған сайыс өткізілді.

«Қауіпсіз бала-қоғам келешегі» жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

**Қазан**

Алдын алу шаралары бойынша, қауіпсіз қоғам құру мақсатында Қорғалжын АПБ КПБ жедел уәкіл полиция старшинасы Ғаббасов А. және Қорғалжын АПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Құсаинов Қ. Е "Интернет алаяқтарымен күрес", "Діни экстримизм" және "Нашақорлықпен күрес " тақырыптарында жиналыс өткізілді.

Республика күніне орай «Ақиқат» дебат ұйымы Сыбайлас жемқорлықпен күресудің оңтайлы жолы» тақырыбында пікірталас  өткізді.

«Өз құқығыңды білесің бе?»Күзгі каникул алдында оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу, буллинг және кибербуллинг, сыбайлас жемқорлықпен күрес тақырыптары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Қараша**

Қауіпсіз қоғам алдын алу шаралары бойынша мектебімізде «ДОППЕР» интернет алаяқтық туралы бейнеролик көрсетілді.

Дүниежүзілік балалар күніне 70 жыл толуына орай мектебіміздің өзін - өзі басқару ұйымы "Әр баланың құқығы бар" атты апталық өткізді. Аптаның әр күнінде көңілді іс - шаралар ұйымдастырылды. 1 күн- "Әр баланың құқығы бар"флешмоб

«Буллингтен қорған» алдын алу шаралары бойынша видео- ролик көрсетіліп, өмірлік жағдайларға байланысты, жағдаяттар таратылып, шешу жолдарын ұсынды.

«Өмірге салауатты қадам» жобасы негізінде «Жасөспірімдер арасындағы синтетикалық есірткінің таралуыннның алдын алу» бойынша жоғарғы сынып оқушыларына түсіндіру шаралары өткізілді

**Желтоқсан**

«Әр баланың құқығы» бар сурет көрмесі өткізілді «Буллингтен қорған» жарыс сабақ ұйымдастырылды.

«Ойынға салауатты қадам» алдын алу шаралары бойынша лудомания туралы ақпарат беріліп, 5-6 сыныптармен шеберлік сабақ ұйымдастырылды.

Дүниежүзілік балалар күніне 70 жыл толуына орай мектебіміздің 7-9 сыныптар арасында «Құқығым бар» тақырыбында эссе жазылды.

«Цифрлық әлемдегі қауіпсіздік» жобасы бойынша информатика пәнінен сарапшы маман Кенжекеева М.О кездесу ұйымдастырылды.

«Бақытты ана, бақытты бала, бақытты ел» тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

**Қантар-2025 жыл**

«Закладка» бейне фильм көрсетілді

Балалардың психологиялық хал-ахуалын арттыру мақсатында «Психология ғажайып әлем» тақырыбында апталық өткізілді.

8- сыныпта «Буллинг деген не?» «Кибербуллинг және буллинг дегеніміз не?» тақырыбында 5-6-7-8 сыныптарында сынып сағаттары өткізілді

«Детство за стеной» бейне фильм 11 сынып оқушыларына көрсетілді

«Есірткіге жол жоқ» , «Булингтен қорған» ұрандарымен «Еркін тыныс ал» Республикалық челленджіне қатысты.

**Ақпан**

«Біз біргеміз» 5 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

6-7 сынып оқушыларымен «Стоп, буллинг» тренингі өткізілді

**Наурыз** Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша «Ұлттық мәдениет» көрмесі, «Мектеп театры»

«Ананың аялы алақаны» челленджі ұйымдастырылса, Наурызнама бойынша да жоспар құрылып жұмыстар атқарылды.

**Сәуір айында** «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі

Мектеп парламенті мүшелері арасында дебат ұйымдастырылды

«Атадан өсиет-анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сыныбы өткізілді

**Мамыр айында** «Жас сарбаз» әскери патриоттық әндер фестивалі сыныптар бойынша өткізілді. Отбасы күніне орай «Отбасылық дәстүрлер» апталығы

Әншуақ фестивалі бойынша Амангелді мектебінің тик-ток парақшасына жыл бойы оқушылардың орындауындағы әндер жүктеліп отырды. «Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ алдын алу шаралары, кітапхананың жұмыстары, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы, мамандықтар әлемі бойынша жыл бойы үздіксіз жұмыстар атқарылып отырды. Ұстаздар мен оқушылар аудандық, облыстық, республикалық, онлайн, офлайн сайыстарына қатысып отырды.

**2024-2025 оқу жылында** білім алушыларға «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылдың 31 тамызындағы №748 қаулысымен бекітілген Балаларды зорлық - зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының 20-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2024 жылғы 18.09. №269 бұйрығының 1 қосымшасы бойынша “Жеке қауіпсіздік” сабақтарының тақырыптары енгізіліп, әр сынып сағаттың басында 10 минут өткізіледі.

Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың уақытты тиімді әрі пайдалы өткізуі үшін спорттық үйірмелер, IT сынып, дзюдо, домбыра, үйірмелері жұмыс атқарады. Білім алушылар мерекелік іс-шараларда, өнер сайыстарында, спорт жарыстарында белсене қатысады.

**2024-2025 оқу жылына арналған үйірме кестесі**

| № | Үйірме атауы | Сынып | Апта күні | Сабақ | Жауапты ұстаз |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қызықты грамматика | 2 | сейсенбі | 5 | Шарипова С.Б |
| 2 | Математика шыңы | 2 | сәрсенбі | 3 | Шарипова С.Б |
| 3 | Қызықты математика | 3 | бейсенбі | 6 | Жунусова Р.О |
| 4 | Логика әлемі | 4 | бейсенбі | 6 | Абдрахманова Т.А |
| 5 | Жас дарын | 1 | сәрсенбі | 3 | Ахметбекова А.С |

Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында атқарылған тәрбие жұмыстары жөніндегі есеп

2025-2026 оқу жылы №1 педагогикалық кеңесте **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы** бойынша мектеп ұстаздарына түсіндірме жұмыстары мен жылдық жоспар таныстырылды. Жоспар бойынша «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» тақырыбында үзіліс уақытында ұлттық ойындар

жүргізіледі. «Өнегелі 15 минут» тақырыбында отбасының балаға көңіл бөліп, ақыл-кеңес беруіне ықпал етілуде.

«Менің Қазақстаным» ҚР әнұраны  әр дүйсенбі сайын толық мектеп оқушыларының жиналуымен орындалуды. Осы уақытта әр аптаның дәйек сөздері бойынша  түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ұқсас мақал-мәтелдер айтылады.

«Мамандық-күні» бойынша мектебіміздің 9-10 сынып оқушыларына презентация көрсетіліп, сынып сағаты өткізілді.

Білім күні «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттар өткізілді. Әр сынып берілген тақырыптар бойынша интервью- челлендж өткізілді.

Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» тақырыбында жиналыс өткізілді, Әлеуметтік желіге салынды.

5 қыркүйектен-15 қыркүйек аралығында тілдер онкүндігі жоспарланып, түрлі бағытта ұйымдастырылып өтті. Осы онкүндік аясында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай диктант, эссе жазылып, әндері орындалды.

«Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында челленджі өткізілді. Оқушылар белсене қатысты. Оқушылардың жолдаған челленджері әлеуметтік желіге жарияланып отырды.

«Қамқор» жобасы бойынша таза бейсенбіліктер өткізілді.

Алдын-алу шаралары бойынша «Буллингтен қорған», «Қауіпсіз қоғам», Қауіпсіздік сабақтары бойынша да жұмыстар атқарылуда.

Барлық іс-шара amangeldiortamektebi001 мектептің инстаграмм парақшасына жарияланып отырады.

**"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** міндетті оқу курсын оқу:

2023-2026 оқу жылдары ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 2- қосымша 25-тармақшасына сәйкес дүниетану оқу курсының аясында: 1-3- сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау 56-тармағының 3-қосымшасына сәйкес 5-9- сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқужүктемесімен дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен, Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау, 50-тармақшасына сай «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери техникалық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық, 11 сыныптарда 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысымен жүзеге асырылды.

**"Жолда жүру ережелері"** міндетті оқу курсын іске асыру:

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 26-тармағына, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 38- тармағына сәйкес іске асырылды. "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Бастауыш білім берудіңмемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 26-тармағына, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 38-тармағына сәйкес қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілеріжылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналында сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 26-тармағына, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 38-тармағына сәйкес қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілеріжылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналында сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды. «Жолда жүру ережелері» оқу курсы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес орындалды.

**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар бойынша**

Ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушыларға толықтай жағдай жасалған.

2025 жылдан бастап мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеті ашылды.

Логопед бұрышы кабинетте қарастырылған, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеті толықтай жабдықталған. 2025 оқу жылынан бастап психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс атқарып келеді.

Мектепке кіре беріс жеріне мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы ұстап жүріп, кіретін арнайы құрылғы (пандус пен балаларға арналған арнайы қоңырау нүктесі (звонок) орнатылған, мектеп ішінде балалардың жүріп-тұруына арнайы сарытүсті жолақ жолдар төселінген, сонымен қатар мектепте мүмкіндігі шектеулі мүгедекбалаларға арналған ыңғайластырылған дәретхана мен жылжымалы орындықтарындаотырған мүгедек балалардың мекеме ішіне еркін кіріп, шығуы үшін табалдырықтарға тактильдік тақтайшалар орнатылған.

**2025-2026 оқу жылы бойынша**
**Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсету қолдау кабинетіне қатысатын оқушылар тізімі**

| № | Оқушының аты жөні | Туған жылы,айы, күні | Сыныбы, жасы | ИИН | Диагнозы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алдажар Нуриман Саматұлы | 27.02.2017 | 2-сынып<br>8 жаста | 170227503243 | Нарушения речи (общее недоразвитие печи 3 уровня) |
| 2 | Қайролла Бекхан Сабырұлы | 04.10.2016 | 2-сынып<br>9 жаста | 16100450432 | Задержка психического развития (общее недоразвитие речи 2 уровня) |

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрайымы мектеп директоры Р.Исина, қызмет құрамында сынып жетекшілері,педагог-психолог және инклюзивті білім беру бойынша логопед, әлеуметтік педагог бар. Тіл кемістігі-2 бала, соның ішінде / дисграфирия, дискалькулия/ бар.

Әр оқу жылының басында:

- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін құру туралы бұйрықшығарылып, жылдық жоспар бекітілді;

- білім алушылардың даму ерекшеліктерін ескере отыра 14 күн арнайы мамандар диагностика жүргізілді (2а және 2б формалары толтырылды)

-жылына екі рет психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы өткізілді;

-психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің шешімімен оқушылардың жеке бағдарламалары бекітіліп, мемлекеттік жалпыға міндеттістандарттың талаптарына сай оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарынорындау жүзеге асырылды;

-арнайы мамандардың жеке/топтық сабақ кестелері құрылды;

-психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысынан кейін арнайы мамандар, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері ата- аналарға тұжырымдама жазды;

- бақылау жыл бойы үздіксіз жүргізіліп отырды;

-психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы жылына үш рет өткізіліп отырды (қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында);

ПМПК қортындысына сәйкес жеке бағдарлама негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындауда оқу мақсаттарын қысқартып, дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуін ескере отыра жеке бағдарламалар әзірленді.

## V. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

**1) Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):**

Мектеп 2009 жылы пайдалануға берілген. Ғимарат іргетасы кірпіш, 2 қабатты типтік ғимарат. **Жалпы алаңы 1428,7**. Ғимараттың пайдалану алаңы **1025,8.** 120 оқушыға арналған. Мектепте 13 оқу кабинеті, оның ішінде физика, химия- биология, мультимедиялық-лингофонды кабинеттер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығына қосымшаға сәйкес жаңа модификациядағы жабдықтармен қамтамасыз етілген.

**2)Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй- жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үйжайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):**

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер: мектеп асханасын сенімгерлік басқаруға жоба бойынша мемлекеттік-жекменшік әріптестікке беру шарты бойынша Ақмола облысының әкімдігі, «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ тұлғасы, Ереже негізінде әрекет ететін

Жүсіпов Б.А. басшысы тұлға ретінде, «Қорғалжын ауданының білім бөлімі» ММ басшысы тұлғасы бұжан әрі «Мемлекеттік әріптес» деп аталатын ереже негізінде әрекетететін Омарова С.Қ. және жеке кеәсіпкерді тіркеу туралы куәліктің негізінде әрекетететін Мусин А.Н. тұлғасы «Еснұр» жеке кәсіпкер атынан әрекетететін, сериясы 0309 № 0000262, 2016 жылғы 15.04 жеке кәсіпкерді тіркеу туралы кәулік бұдан әрі «Жеке әріптес» деп аталатын екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар, жеке алған Тарап, конкурстық комиссияның 2020 жылғы 18.11. шешіміне сәйкес мемлекеттік-жекешілік әріптестік шартын жасады.

Сыныптар оқушылардың бойына сай жиһазбен, қажетті жарықтандырумен сантехникалық жабдықтармен, стендтер, шкафтармен жабдықталған, су ішу режиміұйымдастырылған. Мектепте физика, биология - химия кабинеттері заманауи талаптарға сай жабдықталған. Әр кабинетте мұғалімнің компьютері бар, электронды журнал жүргізілуде. Кабинеттер интерактивті тақталармен, көшірме жабдықтармен жабдықталған. Спорттық және акт залдарында барлық қажетті инвентарь мен құралдар бар. Әкімшілік кабинеттер компьютерлермен қамтылған. Мектепте инклюзивті білім беру кабинеті бар. Мектеп терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету үшін нормативтік құжаттармен жүйелі түрде жұмыс жасайды, білім беру мекемесінің қауіпсіздік паспорты, мәдени іс-шаралар ұзақтығының қауіпсіздік жоспарлары, апатты жағдайда ғимараттардан эвакуациялау жоспарлары әзірленді.

**Медициналық көмек көрсету.**

Медициналық кабинет талапқа сай барлық қажетті құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және медициналық құралдармен жабдықталған. Медициналық көмекті білікті медбике көрсетеді.

Мектепке медициналық көмекті Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Қорғалжын аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-сінің медбикесі мектептегі медицинадық кабинетте көрсетеді. Келісім шарт жасалған 01.09.2023 жылы. Мектепте 1 медициналық кабинет және егу бөлмесі бар.Медициналық кабинетте медициналық қызмет көрсетуге арналған лицензиясы бар /лицензия № 16014814, 23.09.2016./

**Санитарлық торап.** Мектеп ішінде жалпы -4 дәретхана бар: қыздар -1; ұлдар -1; персоналдарға -1; даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған-1.

**Спорттық құралдармен қамтамасыз етілуі**

Мектепте спортпен шұғылдануға арналған орындар ұйымдастырылған, бағдарламаларға сәйкес дене шынықтыру сабақтары мен секциялық сабақтардыөткізуге арналған спорттық инвентарь мен құрал-жабдықтардың саны жеткілікті: 1 спорт залы бар.

**Білім беру бағдарламаларын ресурстық қолдау**

Іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларын сәтті жүзеге асыру үшін мекемеде ақпараттық ортаның болуын, мектептің оқу және көрнекі құралдармен жабдықталуын, компьютерлік техниканы, бағдарламалық қамтамасыз етуді, жергілікті желі мен ғаламдық жүйені қамтитын жеткілікті ресурстық база қалыптасты. Мектеп «ВОЛС» Интернетке қосылған. «Қазақтелеком» ЖШС -мен 50 Мбит/с жылдамдықпен интернет жеткізу қызметін ұсыну туралы келісім жасалды. Мектепте оқушыларды, қызметкерлерді және келушілерді қабылдау үшін «Кіруді басқару және шығуды басқару жүйесі» (турникет) орнатылған. Мектеп кіреберісінде әкімшілік кезекшісі күн сайын кезекшілік етеді. Мектеп ғимараты полицияны жедел шақыру үшін дүрбелең түймесімен, сондай-ақ өрт сигнализациясымен жабдықталған. Мектеп ғимаратына кіру бейнебақылау камераларымен басқарылады. Мектепте 22 бейнебақылау камералары орнатылған (15-ішкі бейнебақылау, 7- сыртқы бейнебақылау), аудандық ішкі істер полиция бөліміне жалғанған, бейнебақылауда 30 күндік сақтау мерзімі бар, дауыстық дабыл түймесі орнатылған, өрт және қауіпсіздік дабылы іске қосылған.

**edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер: Мектеп сайты домен атауы: amangeldy-mektabi.edu.kz**

**Оқу-материалдық активтер бойынша қосымша мәлімет**

| № | Қызмет түрлері | Келісім шарт | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп қызметкерлерін медициналық тексеруден өткізу қызметтері | "Қорғалжын аудандық аурахананы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 2025 жылдың 01 қыркүйегіне дейін |
| 2 | Өрт/күзет белгі беру/өрт сөндіру жүйелеріне/бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер | "Орион система безопастности" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | шарт күшіне енген күннен бастап 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін |
| 3 | 1-4 сыныптардағы балаларға, аз қамтылған Отбасылардан шыққан Мұқтаж балалар мен Жетім балаларды Тамақтандыру қызметі | ИП "Еснұр" | № 2021-01-20 2031 жылдың 20 қаңтарға дейін |
| 4 | Столовая при КГУ «Общеобразовательная школа села Амангелды» Өркендеу ауылы, Абай көшесі 1 | Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз **сай (соответствует)** | № KZ81RBP00025115 Дата: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 16.03.2016 ж. |
| 5 | Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижесі | Қорғалжын ауданының төтенше жағдайлар департаменті **Нарушение не выявлены** | 16.06.2025 ж. |
| 6 | Мектептің электронды поштасы | Amangeldi.school@mail.ru | |

**Мектептің материалдық базасы:** физика, биология - химия, информатика, мультимедия-лингофонды кабинеттері, инклюзивті білім беру кабинеті, спорт зал, асхана, кітапхана, интерактивті тақта саны- 2, интерактивті панель-8, проектор саны- 3, интернет желісі - 4 кабинетте орналасқан. Ноутбук саны-98, планшет-10, компьютер- 20, моноблок-14. Білім алушылардың қауіпсіздігін бақылау мақсатында 22 бейнебақылау, тревожный кнопка, турникет орнатылды. Білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес парталар, шкафтар, спорттық заттар, шаңғы, коньки, доптар және LED экран, музыкалық аппаратуралармен қамтылған.

**Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:**

Білім ошағында 1-қабатта орналасқан тамақ ішетін орын сыйымдылығы 40 орындық асхана бар. Мектеп асханасы орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасызетілген. Жылыту жүйесі автономды. Асханаға кіреберіс жерде 2 қол жуатын раковиналар мен сабын құятын ыдыс, арестон орнатылған. Асхана толықтай кәріз жүйесіне қосылған. Қоқыс пен тамақ қалдықтары дезинфекцияланып,контейнерлердің толу шамасына қарай шығарылады. Ас үйдің ауасын желдетуге арналған маскит торы қондырғымен қатар ас әзірлейтін бөлмеде ауа сорғыш (вытяжка) орнатылған.

Асхананың тамақтану объектісінің жалпы аумағы - 2 5 м$^2$

Ас блогының аумағы - 47,6м$^2$, Ас әзірлейтін асхана бөлмесінде тамақ пісіретін электр плита 2 дана, электросковорода 3 фазалық, ыдыс аяқтарға арналған стеллаж 3 дана, қажетті ыдыстармен қамтылған, қоймада арнайы шкаф 2 дана, ет турайтын стол 2 дана, нан турайтын стол 1 дана, көкөніс турайтын стол 1 дана, асханаға қажетті мұздатқыш 1 дана, тоңазытқыш 1 данадан.

Асханада жалпы тамақ ішетін стол саны- 4, орындықтар саны-40. Азық түліксақтайтын қоймалар саны жеткілікті. Ас әзірлейтін асхана бөлмелерімен азық-түлік сақтайтын қоймалар да толық электр тоғымен жарықтандырылған, жылу жүйесіне қосылған. Өндірістік үстелдер, бөлшектеу тақтасы (бөлшектеуге арналған тақтай мен пышақтар) ас үй ыдыстары таңбаланған, таңбасына сәйкес қолданылады. Мектеп асханасы толықтай тамақ әзірлейтін ыдыс–аяқтармен жабдықталған. Асханаға қажетті қосымша электро плитаға (духовкасымен) бар.

Ыстық тамақпен 70 оқушы: 1-4 - сынып - 33, 5-11 - сынып 37 – оқушы тамақтанса, қалған оқушылар үшін әр түрлі пісірілген буфеттік өнімдермен қамтамасыз ету жұмыстары жолға қойылған. Тамақтану залында оқушыларға арналған бекітілген ас мәзірі стедте көрнекі жерде ілінген. Асханаға кіреберіс жерде қол жуатын раковиналардың үстінде дұрыс қол жуу ережесі ілінген. Асхана қабырғасындағы дұрыс тамақтану ережесі «Ас мәзірі» стендттерде тағамдардың құнарлығы туралы көрнекіліктер оқушылардың тамақтану мәдениетін қалыптастыруда ықпалы зор. Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатынабракераж журналы арналған, арыз-шағым журналы бар.

## VI. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ

1) **Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:**

Мектеп кітапханасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылдың 25 мамырдағы «Мемлекеттік кітапхана қорын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын бекітіу туралы» №152 бұйрығымен бекітілген, (қағидалар жаңа редакцияда – Қазақстан РеспубликасыМәдениет және спорт министрінің м.а. 19.12.2022 жылы №368) бұйрығына сай өз жұмысын атқарады. Кітапхананың қызметі біріңғай ережелерін құру, құжаттарын сақтау, жинақтау, ескірген басылымдар мен оқу әдебиеттерін есептен шығару, оқырмандарға қызмет көрсету ережелерін ұйымдастыру Ережесі бойынша жүргізіледі. Ал жаңа оқу әдебиеттерін қабылдау ілеспе құжаттар бойынша жүргізіледі.

Кітапхананың жалпы кітап қоры 5053 дана, оның ішінде оқулықтар саны 1836 дана. Көркем әдебиет 3217, басқа тілде 1303 дана кітап бар. Электрондық оқулық -30 дана. Методика 20 дана.

**2021 жылы** мектеп кітапханасына 1,7,8 сыныптарға оқулықтар келді, саны- **274 дана,** «Алматы, «Атамұра», «Арман ПВ», «Мектеп» баспаларынан; әдеби оқулықтар алынды, саны-32.

**2022 жылы** 2 сынып оқушыларына 154 оқулық «Алматы» баспасынан алынды, 106 дана әдеби кітап қамтылды. «Арман ПВ» баспасы бойынша 5-10 сыныптарға «Абайтану» кітабы 25 дана алынды.

**2023 жылы** «Фолиант», «Алматыкітап» баспаларынан 76 дана әдеби кітаптар қамтылды.

Кітапхана қоры

| | Негізгі көрсеткіштер | Оқу жылдары | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2023-2024 | 2024-2025 | 2025-2026 |
| | Негізгі кітап қорының көлемі | 5692 | 5347 | 5053 |
| | Көркемдік қордың көлемі | 3548 | 3624 | 3217 |
| | Оқу қорының көлемі | 2144 | 2288 | 1836 |
| | Электрондық оқулық | 17 | 30 | 30 |

**Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерде) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:**

Мектебімізде «Қазақтелеком» АҚ «ВОЛС» интернет желісі жұмысын атқарады. Интернет желісіне 4 қосылу нүктесі бар. Мектеп бойынша жалпы интернет жылдамдығы-50 м/бит/сек. құрап отыр. Физика, мультимедия-лангофон кабинеттері, қабылдау кабинеті мен ұстаздар бөлмесі интернетке wi-fi желісі арқылы қосылған. Барлық кабинеттерде интернет компьютерлерге қосылған.

Мектеп толығымен интернет желісімен қамтылған.

## YII. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

**Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:**

**1.ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері)**

**Мектептің 2023-2026 оқу жылдарының салыстырмалы көрсеткіштері**

Педагогикалық қызметтің ең басты көрсеткіші сапалы білім беру екені анық. Әр педагогтің маңызды міндеттерінің бірі білім сапасын арттыру. Оқушылардың білім, білік дағдыларын жетік меңгерту білім берудегі ең жоғары деңгей. Оқушылардың білім стандартын меңгеруін, олардың оқытылу деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады: сыныптар бойынша оқытылу деңгей нәтижесі, мектепішілік әкімшілік бақылау жұмыстары негізінде пәндердің тоқсандық, жылдық салыстырмалы анализдері, оқушыларды қорытынды аттестаттау мәліметтері арқылы мұғалімдердің, сыныптары, оқу пәндерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Осындай салыстырмалы талдауларды жүзеге асыру үшін қолданылады:

✓ мектептің статистикалық есептер мәліметтері;

✓ әр түрлі пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын мектепішілік бақылаужүйесі арқылы алынған ақпараттар;

✓ Емтихандар мен қорытынды тестілеу;

✓ сынып журналдары мен дәптерлер тексерісі бойынша алынған мәліметтер;

педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие үрдісіндегі кемшіліктерді анықтау мақсатында сыныптар мен пәндер бойынша аралық,қорытынды аттестаттау деңгейі анализі, білім беру және оқыту сатыларындағы білімсапасын талдау және бақылау мониторингі жүргізіледі.

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес бағалау білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесін көрсетті. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында, яғни БЖБ және ТЖБ жұмыстарында жүзеге асырылды. Күнделікті сабақта формативтік бағалау кезінде пән мұғалімдері тиімді кері байланысты жүзеге асырды. Оқу пәндері бойынша бөлім аяқталғанда БЖБ , ал тоқсан соңында ТЖБ жұмыстары бекітілген кесте негізінде алынды. ТЖБ жұмыстары тоқсанның соңғы күні алынбайтындығы ескерілді. Білім алушылардың орындаған жұмыстарының нәтижесі Bilimclass электронды журналына уақытында қойылды.

**2024-2025 оқу жылында** 11-сыныптардың қорытынды аттестаттау емтихандарына 2 білім алушы қатысты. Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жалпы орта мектепті бітіру емтиханының қорытындысы негізінде 1 оқушыға «Алтын белгі» берілді: Дулатова Алуа 11- сынып оқушысы.

**Оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелілігі бойынша 2025-2026 оқу жылына қойылатын міндеттер:**

- ✓ Ата-ана-оқушы-мұғалім үштік одақ ынтымақтастығы мақсатында «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасын іске асыру;
- ✓ Оқушылар үшін қауіпсіз мектеп, қолжетімді орта, сыныптың жағымды атмосферасын қалыптастыру;
- ✓ Қалыптастырушы бағалауды тиімді қолдану;
- ✓ ЕБҚ білімді қажет ететін оқушыларға білім беруде пәнаралық байланысты нығайту;
- ✓ 10-11 сыныптардағы кәсіпке баулу жұмыстарының жоспарлы жүргізілуі ;
- ✓ Жаңа әдіс – тәсілдерді енгізу;
- ✓ Жобалық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- ✓ Заманауи білім беру құралдарын пайдалану;

**4, 9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыбілім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау:** Білім беру ұйымдарын бағалау кезіндегі кешенді тестілеуге 4 сынып – 9 білім алушының 9-ы қатысты. Қатысуы – 100%. 4 сыныптар бойынша 100% сапа көрсетті. 9 сынып – 9 білім алушының 9-ы қатысты. Қатысуы – 100%.

9 сыныптар бойынша 89% сапа көрсетті. Мектептің 4,9 сыныптар бойынша оң бағалар үлесі 95% көрсетті.

| № | сынып | журнал бойынша оқушылар саны | қатысқан оқушылардың нақты саны | "5" баға алған саны | "4" баға алған саны | "3" баға алған саны | "2" баға алған саны | орташа балл | оң бағалар % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 4 | 9 | 9 | 2 | 7 | 0 | 0 | 25,2 | 100% |
| 1 | 9 | 9 | 9 | 0 | 5 | 3 | 1 | 29,8 | 83% |
| | | 18 | 18 | 2 | 12 | 3 | 1 | | 90% |

## XIII. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

Мектептің жетістіктері мен кемшіліктері, оларды шешу жолдары

**Мектептің қызметі бойынша жетістіктері:**

- Мектеп заманауи талапқа сай жабдықталған физика, химия - биология, информатика, лингофон, көркем еңбек ұлдар, қыздар кабинеттері, мектепкітапханасы, асхана, ғимарат ішінде оқушыларға толық жағдай жасалған;
- Мектеп «Адал азамат» бағдарламасы бойынша ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын жүзеге асыруда;
- мектебіміздің педагогтерінің білімін жетілдіру курсқа қатысуы жылдан жылға артып келеді;
- педагогтер кәсіби шеберлік конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда;
- мектеп мұғалімдері құрамының басым бөлігі 96%-ы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес;
- білім алушылар пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар иеленуде;
- мектепте домбыра, дзюдо, волейбол, тоғызқұмалақ үйірмелерінің жұмысына жағдай жасалған;
- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдау кабинеті толық қамтылған;
- мектептің материалдық базасы 95%-ға заманауи талапқа сай.

**Мектептің қызметі бойынша кемшіліктер**

- Облыстық олимпиадаларға оқушылардың аз қатысуы;
- үлгерімі орташа оқушылармен жұмысты жандандыру;
- бастауыш сыныптан орта буынға ауысқан кездегі білім алушылардың ата-аналарына педагогикалық қолдаудың жүзеге дұрыс аспауы, 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңіндегі жұмыстардың толыққанды атқарылмауы;
- «Зерде» зерттеу жобасы бойынша жұмыстардың аздығы.
- Дарынды балалармен жұмысты дамыту;

## X. Қорытындылар мен ұсыныстар

**Қорытынды:** «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ өзін-өзі аттестаттау нәтижелері бойынша кемшіліктер мен толықтыруларды ескере отырып,

**«жақсы»** деп бағаланды.

Өзін-өзі бағалау бойынша мектептің өзіндік бағалау деңгейіне (статусына) сай деп қорытынды шығарылды.

Мектептің жалпы даму деңгейі тұрақты. Білім сапасын арттыру, тәрбие жұмысын күшейту жұмыстары жүргізілуде.

**Ұсыныс:** Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, төменде келтірілгендіорындауға міндетті:

- Оқушылардың облыстық пәндік олимпиадаларға дайындығын күшейту;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты нығайту арқылы білім сапасын көтеру;
- Орта буынға ауысқан бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына педагогикалық қолдау көрсету;
- Зерттеу жобасы бойынша жаңа топтар құру;
- Дарынды балалармен жұмысты күшейту
- Сынып жетекшілердің жұмыс жоспарын тиімді етіп әзірлеу.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшем шарттарының
2-қосымшасы

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ның бағалауына арналған өлшем шарттар**

| р/с № | Бағалау өлшемшарттары | Өлшеуіштер | Балдары | Өзін-өзі бағалау |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі | 100 % | 5 | |
| | | 95 - 99 % | 4 | 4 |
| | | 80 - 94 % | 3 | |
| | | 80 %-дан төмен | 2 | |
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі | 100 % | 5 | |
| | | 95 - 99 % | 4 | |
| | | 80 - 94 % | 3 | |
| | | 80 %-дан төмен | 2 | **2** |
| 3 | Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі | 100 % | 5 | |
| | | 95 - 99 % | 4 | |
| | | 80 - 94 % | 3 | **3** |
| | | 80 %-дан төмен | 2 | |
| 4 | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі | Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 35 %-дан жоғары | 5 | |
| | | Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 30%-дан 34 % аралығында | 4 | |
| | | Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 25%-дан 29 % аралығында | 3 | **3** |
| | | Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 25 %-дан төмен | 2 | |
| 5 | Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы | 100 % | 5 | |
| | | 95 - 99 % | 4 | **4** |
| | | 80 - 94 % | 3 | |
| | | 80 %-дан төмен | 2 | |
| 6 | Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай | 100 % | 5 | **5** |
| | | 95 - 99 % | 4 | |
| | | 80 - 94 % | 3 | |
| | | 80 %-дан төмен | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу) | | | |
| 7 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі | 100 % | 5 | **5** |
| | | 95 - 99 % | 4 | |
| | | 80 - 94 % | 3 | |
| | | 80 %-дан төмен | 2 | |
| 8 | Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) | 100 % | 5 | **5** |
| | | 95 - 99 % | 4 | |
| | | 80 - 94 % | 3 | |
| | | 80 %-дан төмен | 2 | |
| 9 | Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) | Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 85 %–дан 100 %-ға дейін құрайды | 5 | |
| | | Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 65 - 84 %-ға дейін құрайды | 4 | 4 |
| | | Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40-64 %-ға дейін құрайды | 3 | |
| | | Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40 %-дан төмен құрайды | 2 | |
| 10 | Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау | 80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттеркөрсетілетінбілімберуқызметтерініңдеңгейіне қанағаттанған | 5 | **5** |
| | | 65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттеркөрсетілетінбілімберуқызметтерініңдеңгейіне қанағаттанған | 4 | |
| | | 50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттеркөрсетілетінбілімберуқызметтерініңдеңгейіне қанағаттанған | 3 | |
| | | 50 % -дан төменреспонденттеркөрсетілетінбілімберуқызметтерініңдеңгейінеқанағаттанған | 2 | |
| 12 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | 80 % -дан 100% -ға дейінгіреспонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған | 5 | **5** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 65% -дан 79 % -ға дейінгіреспонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған | 4 | |
| | | 50 % -дан 64 % -ға дейінгіреспонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған | 3 | |
| | | 50 %-дан төмен респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған | 2 | |
| 11 | Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау | 80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған | 5 | **5** |
| | | 65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған | 4 | |
| | | 50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған | 3 | |
| | | 50 %-дан төмен респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған | 2 | |

Білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы **«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзін-өзі бағалау өлшемшартының **_50__ балдық «жақсы»** нәтижесін көрсетті.

Білім беру ұйымының басшысы **___________________ Исина Р.А.**

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)